

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІ ЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 69 (9131) | 1953 жылғы 4 апрель Сенбі | Шығуына 34 жыл жеке саны 20 тыйым

Май мерекесі қарсаңындағы социалистік жарысты кең өрістетейік

Бүкіл дүние жүзі еңбекшілерінің халықаралық туысқандық және ынтымақ күні, дәстүрлі мейрамы — Бірінші Май күні жақындап келеді. Бұл мерекелі күнді қаһарман совет халқы жыл сайын саяси және өндірістік өрлеумен, елімізде коммунизм орнату жолындағы бүкілхалықтық қозғалысқа жаңа, бағалы үлес қосумен қарсы алып отырады. Үстіміздегі жылы да совет адамдары бұл даңқты мерекені зор табыстармен қарсы алу мақсатын көздеп, Бірінші Май мерекесі күрметіндегі социалистік жарысты барған сайын құлаш жая өрістетуде. Кезір еліміздің барлық кәсіпорындарында, ауыл шаруашылығында стахановшылар қозғалысы кең өріс алып, еңбек өнімділігі еселеніп арта түсуде. Мереке күрметіне стахановтық вахтаға тұрушы озаттардың саны көбеюде. Мұны біздің облыстың еңбекшілерінің күнбе-күні өмірінен де айқын көруге болады.

Облыстың бірқатар заводтары мен фабрикаларында, темір жол транспортында, кәсіпшілік артельдерінде, колхоздары мен совхоздарында және машина-трактор станцияларында май мерекесі күрметіндегі социалистік жарыс күннен-күнге қызу өріс алып, өзінің игі нәтижелерін беруде. Мәселен, таразы заводы мен былғары заводының, темекі фабрикасы мен «Главмука» заводы басқармасының және «Екпінді», «Молот», «Нищевик», «Бірінші май», «Қазақстанның 10 жылдығы» кәсіпшілік артельдерінің коллективтері май мерекесі күрметіндегі социалистік жарысқа ұш-тасып, еңбек өнімділігін бұрынғыдан да арттыра түсеті. Аталған кәсіпорындарының барлығында да айлық, есменалық өндірістік жоспар барлық көрсеткіштер бойынша ойдағыдай орындалып келеді.

Кәсіпорындарындағы сыяқты ауыл шаруашылығында да май мерекесі күрметіндегі социалистік жарыс кең өріс алып, өндірістік жұмыста зор өрлеу туғызып отыр. Колхозшылардың, МТС-тер мен совхоздардың жұмысшыларының май мерекесін лайықты тартулармен қарсы алуға деген ынты-жігерлері күн санап артуда. Совет ауданындағы Ленин атындағы, сол сыяқты, Панфилов атындағы, «Ударник» кәсіпшілік артельдерінің басшылары социалистік жарыстың маңызына әлі күнге жете мән бермей келеді. Соның салдарынан бұл кәсіпорындарында айлық жоспар ай сайын орындалмай отыр. Киров атындағы завод та март айының өндірістік жоспарын орындай алмады. Аяқ-киім фабрикасында тапсырманың орындалу қарқыны, еңбектің өнімділігі бұрынғысынан өте-өте баяу. Мұның себебі сол — аталған кәсіпорындарында социалистік жарысқа басшылық нашар, еңбек ұйымдастыру ісі тиісті дәрежеде емес, еңбек өнімділігін арттыруға ішкі мүмкіншіліктер толық пайдаланылмайды. Осы сыяқты елеулі кемшіліктердің ақыры кәсіпорындары ай сайын артта қалуға әкеліп соғуда. Социалистік жарыс кең өрістетілмегендіктен, отан нақтылы басшылық жасалмағандықтан Будаев ауданының көп колхоздарында көктемгі егіске өзінше және мал қыс тату өте нашар жүргізіліп отыр. Бұл ауданның Кара Марке атындағы және «Вторая пятилетка» колхоздарының егіске керекті тұқымы жеткіліксіз, қолда бар тұқымдық дақылдарды тазалау жұмысының өзі әлі күнге аяқталған жоқ. Бірақ, осыған аудан және колхоз басшылары төзіп отыр. Осындай төзгісіз жаңдай Полуэль, Октябрь, Преснов және басқа аудандарда да бар.

Социалистік құрылыстың коммунистік әдісі — социалистік жарыс болып саналады. Социалистік жарысқа нақтылы басшылық жасап, оның шаруашылығымыздың барлық саласында кеңінен өрістетілуін қамтамасыз ету — партия, совет ұйымдарының кезек күттірмейтін міндеті. Сондықтан бұл ұйымдар жұмысшылардың, колхозшылардың май мерекесі алдындағы социалистік жарысқа түгелдей ұштасып, әрбір колхозшының, жұмысшының өздеріне жүкпен міндетті аброймен орындауына жетісулері керек.

Облыс партия, совет ұйымдарының алдында тұрған бүгін таңдағы міндет — кәсіпорындарының өндірістік жоспарды барлық көрсеткіштер бойынша толық және

Партия мен үкметтің бағаны жаңадан кеміту туралы қаулысына совет адамдары қажырлы еңбекпен жауап беруде

Туысқан партиямызға рахмет

ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінің азық-түлік және өнеркәсіп товарларының бөлшек сауда бағасын алтыншы рет кемітуі мені өте қуантты. Біз бұл қаулыны радио арқылы Отан жүрегі — Москвадан түнгі сағат 12-де естідік. Бұл қуанышты хабар үкмет пен партияның совет халқына деген ұлы қамқорлығының тамаша айғағы.

Мен әке-шешемнен жастай жетім қалдым. Бірақ, совет өкметі тұсында ешқандай мұқтаждық, жетімдік көргенім жоқ. Сүйікті Отанымның мейірімді қушағында еркін өсіп, білім алдым. Менің оқуыма толық жағдай жасалды. Оңкылдық мен теңгі бітіргеннен кейін өз еркіммен Қызыл Армия қатарына бардым.

Ұлы Отан соғысының ауыр күндерінде неміс фашистеріне қарсы Отан тәуелсіздігі үшін болған ұрыстарға қатыстым. Майдаңда жүріп ауыр жараландым. Екі көзден айырылдым. Совет дәрігерлері бірден көмекке келді. Госпитальда, жатып емделіп, жазылып шықтым.

Екі көзім жоқ болса да ешқандай қы-быншылық көргенім жоқ. Отан соғысының мүдделеріне арналған 4 жылдық музыка мектебін бітіріп, музыка мамандығын игердім. Содан бері 5 жылдан артық уақыт өтті. Бүкіл совет адамдары сыяқты, туган Отанымыздың игілігі үшін жұмыс істеп келемін. Бұл күндері мектептің өнерпаздар үйімен басқарамын. Айыртау пионерлер үйінде болған қала мектептері оқушыларының көркемөнер пілерінің дарындылығын байқау кезінде мен тәрбиелеген Әбиева, Қарабаева, Түскеев, Бекенов сыяқты оқушылар бірінің орына ие болды.

Ай сайын мемлекеттен жәрдем алып отырамын. Әйелім мектепте күтуші болып істейді, балам екінші класта оқып жүр. Біз өте жақсы тұрамыз. Бұл үшін партиямызға көп рахмет!

Өнеркәсіп пен транспорттың, социалистік ауыл шаруашылығының барлық саласында социалистік жарысты кең өрістетіп, Бірінші Май мерекесін лайықты табыстармен қарсы алайық!

Халықтың игілігіне қамқорлыққа жанқиярлық еңбекпен жауап береміз

Астананың еңбекшілері халық игілігіне қамқорлықтың жаңа белгісі үшін Коммунистік партия мен Совет Үкметіне өздерінің шексіз алғысын шын жүректен шыққан сөздерімен білдіруде.

1 апрельде трансформатор заводының цехтарында көп адам қатысқан митингтер өткізілді.

— Партия мен үкметтің бағаны кеміту туралы қаулысын, — деді заводтың таңдаулы құрастырушысы Ипатов жолдас, — біз еңбекшілердің материалдық қажеттері қанағаттандыруға көрсетіліп отырған сталиндік қамқорлықтың жаңа белгісі деп танығмыз. Мұның үшін туысқан Коммунистік партия мен Совет Үкметіне шын жүректен алғыс айтамыз. Отанымыздың онан сайын қуатты болуы үшін біз еселеген жігермен еңбек етеміз.

Шың заводтың бригадирі Ленин жолдас ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінің қаулысымен танысқаннан кейін былай деді:

— Біздің айтатын алғашқы сөздеріміз — партия мен үкметке алғыс сөздері. Біз бұл қамқорлыққа жанқиярлық еңбегімізбен жауап береміз. Айдың басынан бері біздің бригадамыз 80 мың сомнан астам қаржы үнемдеді. Біз Отанымыздың қуатын нығайтуға еңбекпен қосатын үлесімізді көбейте береміз.

Зор қуаныш

Петропавл ауданындағы Сталин атындағы колхоздың колхозшылары ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінің азық-түлік және өнеркәсіп товарларының мемлекеттік бөлшек сауда бағасын жаңадан кеміту туралы қаулысын радио арқылы тыңдады.

Таң жарығы білінісімен колхозшылар бригадаларға, фермаларға барып, бір-бірі-

Метрострой шахтасының забойында құрылысшылардың жыйналысы өткізілді. Проходчиктердің бригадирі Козлов жолдас өзінің жолдастарына арнап, шын жүректен шыққан сөздер айтты. Ол былай деді:

— Біздің туысқан партиямыз бен үкметіміз Носиф Виесарионович Сталиннің ұлы нұсқауларын орындауда. Капиталистік елдерде еңбекшілердің тұрмыс дәрежесі барған сайын төмендеп отырса, Совет Одағында еңбекшілердің тұрмысы барған сайын жақсаруда.

2-подшипник заводының автомат-токарлық цехының бригадирі Фролов жолдас бағаның жаңадан кемітілуін естігенде былай деді:

— Партия мен үкмет совет адамдарына, олардың материалдық және мәдени тілектерін қанағаттандыруға үнемі қамқорлық жасап келеді. Өзімізге көрсетіліп отырған қамқорлыққа біз еңбектегі жаңа табыстарымызбен жауап береміз.

1-мемлекеттік подшипник заводының «Красный пролетарий» заводының Петр Алексеев атындағы фабриканың, Ильич атындағы заводтың және басқа кәсіпорындардың коллективтері жоспардан тыс көп өнім шығаруға міндеттенді.

(СОТА).

Советтік құрылыстың ұлы жеңісі

Қуанышты хабардың бірінші күні. Қаладағы шойын құю және таразы заводының жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері топ-топ болып радио точкалар орнатылған жерлерге жыйналған. Олардың әрқайсысы көпшілік тұтынатын товарлардың бағасын жаңадан кеміту жөніндегі радио хабарын зор құ-нышымен тыңдауда.

Диктор үкмет пен партиямыздың қаулысын оқып болған кезде, радио тыңдаушылар бірінен соң бірі сөз сөйлеп, советтік Отанға деген патриоттық сезімдерін білдірді.

— Адам туралы қамқорлық біздің елде, бірінші орынға қойылған, — деді заводтың таңдаулы үлгі жасаушысы Сұлтан Жузенов жолдас. — совет адамдары шын мәніндегі бақытқа бөленген.

Бағаны кеміту советтік сомды барған сайын нығайтып, еңбекшілердің тұрмысын жақсарту беруде. Коммунистік партия мен Совет Үкметі еліміздің еңбекшілерін коммунизмнің жеңісі үшін табыстан-табысқа бастауда. Сүйікті Отанымыздың гүлдене беруі үшін күн санап еңбек өнімділігін арттыра бергіміз келеді. Мен бұрынғыдан да жақсы жұмыс істеуге, күн сайын үш норма орындауға міндеттеме аламын. Сонымен қабат, сіздерді үкмет пен партиямыздың қаулысына еңбектегі жаңа өрлеумен жауап беруге шақырамын.

Н. Лулева жолдас басқарған плита жасайтын комсомол-жастар бригадасы көтеріңкі міндеттемелер алды. Бригада күн сайын кемінде біржарым норма, ал, оның мүшелері Лулева және Л. Савран жолдас-тар әрқайсысы тапсырманы кемінде 200 процент орындауға міндеттенді.

Завод коллективі өздерінің социалистік міндеттемелерін аброймен өтеу үшін етахановша еңбек етуде.

Колхоз мүшелері азық-түлік және

дағы, Петропавл ауданындағы «Степан» атындағы колхоздардың колхозшылары, Интернационал және Приемім МТС-терінің, Возвышен, Токшын совхоздарының көптеген механизаторлары көктемгі егіске әзірлікті барлық жағынан тынғылықты жүргізуде. Мал шаруашылығындағы колхозшылар да социалистік жарысқа ұнта-са отырып, жаңа табыстарға ие болуда. Олардың қатарына, Көнюхов ауданындағы Куйбышев атындағы колхоздың қоғамдық малын күтушілер М. Сучкова, Н. Писка-ренко, сауыншы Ткачова, Шевченко, Со-вет ауданындағы «Көктерек» колхозының колхозшылары қозы күтушілер Б. Алда-бергенова және Б. Байтенова жолдастары қосуға болады. Бұлардың қайсысы болса да өздеріне жүктелген міндетті аброймен орындап келеді. Алдабергенова және Бай-тенова жолдастар әрбір 100 саулықтан 130 қозы өсіріп отыр.

Алайда, мерекелі күрмегіндегі социалистік жарысты шын мәнісінде өрістете алмай, өндірістік тапсырмаларды уақытылы орындап шығу күресін ұйымдастыра білмей отырғандарының басшылары жоқ емес. Киров атындағы завод пен аяқ-киім фабрика-сының дирекциялары және партия ұйым-

асыра орындауын, колхоздар мен совхоз-дардың және МТС-тердің көктемгі егіске әзірлікті барлық жағынан тынғылықты аяқтауын және мал қыстатуды үлгілі өткізіп, төл ауды ойдағыдай жүргізуін қамтамасыз ету. Ал бұл міндеттерді толық орындап шығуға мүмкіншіліктің барлығы да бар. Кәсіпорындарымыз және ауыл шаруашылығымыз отандық жаңа техникалармен жабдықталуда. Ол техникаларды меңгерген стахановшыларымыз, жаңа бесіпші бесжылдықтың озаттары көптеп саналады. Ендігі мәселе осы мүмкіншіліктерді пайдалана білуде, стахановшылар қозғалысына және шаруашылықтың барлық саласындағы социалистік жарысқа дұрыс басшылық жасап, оны өрістете білуде, кәсіпорындары және ауыл шаруашы-лығы озаттарының тәжірибелерін еңбекші-лер бұқарасы арасына кеңінен насихаттап, оны көпшіліктің игілігіне айналдыруда, сөйтіп, жанпай өрлеу тугызуда болып отыр.

Өнеркәсіп пен транспорттың, социали-стік ауыл шаруашылығының барлық сала-сында социалистік жарысты кең өрістетіп. Бірінші Май мерекесін лайықты табыс-тармен қарсы алайық!

Еңбек өнімділігі арпа пшусуде

Партияның XIX съезінде қабылданған бесіпші бесжылдықтың директиваларын орындау жолында облыс еңбекшілерімен бірге А. И. Микоян атындағы ет-көн-серві комбинатының коллективі жақсы еңбек нәтижелерін көрсетіп келеді. Қажырлы еңбек етудің нәтижесінде комби-нат март айының жоспарын 101 процент етіп орындады.

Ал, ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінің «Азық-түлік және өнеркәсіп товарларының мемлекеттік бөл-шек сауда бағаларын жаңадан кеміту ту-

ралы» қаулысы коллективті рухтанды-рып, еңбек майданында жаңа жетістік-терге жетуге жігерлендірді.

Мәселен, жөндеу-механикалық цехы-ның слесарі С. Ворошинов жолдас жұмыс уақытын үнемдей отырып және өнімді еңбек етудің нәтижесінде 1 апрель күні сменалық тапсырманы 400 процент орындап, стахановтық еңбектің тамаша үлгісін көрсетті. Сол сыяқты, комбинаттың Жа-ғышаров, Будакова, Исаева және басқа да көптеген стахановшылары күнделік жұ-мыс нормасын артығымен орындауда.

Былғары заводында

Қаламыздағы былғары заводының жұ-мысшылары мен қызметкерлері азық-тү-лік және өнеркәсіп товарларының мемле-кеттік бөлшек сауда бағаларын жаңадан кеміту туралы қуаныш хабарды естіп, заводтың алдындағы алаңға митингіге жыйналды.

Митингіні кәсіподақ ұйымы председа-телінің орынбасары Бесов жолдас ашты.

Даңқты аналар

Жуырда ССРО Жоғарғы Советі Прези-диумының Указы бойынша он және одан көп бала талқан және тәрбиеленіп өсірген облысымыздағы 6 анаға «Даңқты ана» құрметті атағы беріліп, олар «Даңқты ана» орденімен және ССРО Жоғарғы Со-веті Президиумының грамотасымен награ-дталды.

«Даңқты ана» атағын алғандардың

ішінде Совет ауданындағы үй шаруасын дағы әйел Екатерина Генрихова Амелина, Ленин ауданындағы Ворожский атындағы колхоздың колхозшысы Соломия Ивановна Бромат, Көнюхов ауданындағы Мототов атындағы колхоздың колхозшысы Елена Ивановна Верхола жолдастар және басқа-лар бар.

А. ЖАРОВ,
Отан соғысының мүгедегі.

Қамқорлыққа жауап

К. Тұрмағамбетов жолдас Полауен ауданының «Парижская коммуна» колхозында 20 жылға жуық жұмыс істеп келеді. Соңғы жылдары ол жылқы бағын жүр. Оның алтынан бірде-бір жылқы шы-ғын болған емес. Өткен жылы 21 құлын-ды биесен 21 құлын өсіріп, оны үйірге қосты.

ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінің азық-түлік және өнеркәсіп товарларының бөлшек сауда ба-ғасын жаңадан кеміту туралы қаулысын естігенде Тұрмағамбетов жолдас партия мен үкметіміздің зор қамқорлығына шек-сіз қуанышты өкендігін білдіріп, бұдан былай да жылқы шаруашылығын өркен-дете беруге көтеріңкі міндеттеме алды.

қарма кеңесіне көп адам жыйналды. Олар мұнда партия мен үкметтің еңбекші бұқараға көрсеткен жаңа зор қамқорлығы жөніндегі хабарды бір-біріне айтып, өз дерінің ортақ қуаныштарын бөлісті.

Осындай зор қуаныш үстінде таңдаулы колхозшы Александр Шварц былай деді:

—Азық-түлік және өнеркәсіп товарлары бағасының жаңадан кемітілуі біздің социалистік Отанымыздың экономикалық күш-қуатының күннен-күнге артып, ны-ғайып келе жатқанын сыйпаттайды. Тек біздің социалистік елімізде ғана еңбекші адам осындай қамқорлық пен рахатқа бө-ленген. Енді біздің тұрмысымыз бұрын-ғыдан да жақсы болады. Еңбек күнімізге табыс бұған дейінгіден де мол түседі. Азық-түлік, әсіресе өнеркәсіп товарларын қалауымызға және арзан бағара еткіп аламыз.

Бұдан кейін ол:

—Партиямыз бен үкметіміздің әкелік

өнеркәсіп товарлары бағасын жаңадан кеміту жөніндегі хабарды алу үстінде мә-дени және әл-ауқат дәрежесін күннен күнге, жылдан-жылға ауқатты, өмірің қызықты етіп отырған туысқан комму-нистік партия мен Совет Үкметіне шын жүректен зор сүйіспеншіліктерін білдіру-де. Партия мен үкметіміздің жаңа зор қамқорлығына жауап ретінде олар мал қыстатуды үлгілі аяқтауға, көктемгі егіс-ке жақсы әзірленіп, оны агротехникалық қолдайлы мерзімдерде өткізуге, колхоз та-бысын барған сайын молайта түсуге, сөй-тіп, бесіпші бесжылдықта алға қойылған басты міндетті ойдағыдай орындап шығу-ға міндеттемелер алды.

Кәзір колхозшылар өздерінің барлық күш-жігерін осы міндетті аброймен орын-дау ісіне жұмылдырды.

Ф. ФРИК,

Петерфельд селолық Советінің
председателі.

А. РАМАЗАНОВ.

Қажырлы еңбек

ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінің азық-түлік және өнеркәсіп товарларының бөлшек сауда ба-ғасын кемітуі туралы қаулысын Петро-павл қаласындағы «Молот» кәсіпшілік артелінің коллективі аса зор қуанышпен қарсы алды. Олар партия мен үкметіміз-дің күнбе-күн көрсетіп отырған бұл сы-яқты қамқорлығына өздерін борышты деп санап, қажырлы еңбектерімен жауап бе-руде.

Артельдің стахановшылары Руденко, Мурзалиев, Головин, Татаркин жолдастар кәзір еңбектің тамаша үлгілерін көрсету-де. Бұл күндері артель коллективі күн-делік тапсырманы 140-150 проценттен орындап жүр.

Қазақстан ЛКЖО VI съезі

2 апрельде Қазақтың Абай атындағы Мемлекеттік Академиялық опера және ба-лет театрында Қазақстан ЛКЖО VI съезі өзінің жұмысын бастады.

Сахнаның төрінде совет халқының кө-семдері Ленин мен Сталиннің ал-қызыл матаға оралған портреттері.

Күндізгі сағат 11. Президиум столы жағына Қазақстан ЛКЖО Орталық Коми-тетінің секретары Доспанова жолдас кел-ді. Ол 1953 жылғы 9 мартта совет хал-қы мен бүкіл прогресшіл адамзат өзінің сүйікті көсемі және ұстазы, ССРО Ми-нистрлер Советінің Председателі және СОКП Орталық Комитетінің Секретары Иосиф Виссарионович Сталинді қатты қай-ғырып соңғы сапарға шығарып салғанын айтып, оның жарқын бейнесін еске тү-сіруді ұсынды. Съезд делегаттары мен қонақтар орындарынан тұрып, совет жас-тарының ең жақсы досы Иосиф Висса-рионович Сталинді еске түсірді.

Съезд делегаттары орындарынан тұрып, Совет Одағының адал досы, халықаралық жұмысшы қозғалысының көрнекті қай-раткері, Чехословакия Коммунистік пар-тиясының председателі және Чехословак Республикасының президенті Клемент Готвальдті еске түсірді.

Қазақстан ЛКЖО VI съезі ашылды деп жарияланды.

Президиум сайланды, оның құрамында Қазақстан КП Орталық Комитетінің се-кретарьлары Шахметов, Афонин, Сужи-ков жолдастар, Қазақ ССР Министрлер Советінің Председателі Тайбекөв жолдас, БЛКЖО Орталық Комитетінің секретары Рапохин жолдас, токарь Сафронов жолдас, Қарағанды бассейнінің «Кировголь» тре-сінің кең комбайншының машинисті Шейн жолдас және басқалары бар.

Съезд ұзаққа созылған ду қолшанапақ-тау үстінде құрметті президиумға Совет Одағының Коммунистік партиясының Ор-талық Комитетінің Президиумын сайлады.

Мандат комиссиясы, секретариат және редакциялық комиссия сайланды.

Бірауыздан мынадай күн тәртібі бе-кітілді:

1. Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитеті-нің есебі.

2. Қазақстан ЛКЖО тексеру комиссия-сының есебі.

3. Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетін сайлау.

4. Қазақстан ЛКЖО тексеру комиссия-сын сайлау.

Бұдан кейін съезд күн тәртібіндегі бі-рінші мәселені талқылауға кірісті. Қа-зақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің есе-бін жасау үшін Қазақстан ЛКЖО Орта-лық Комитетінің секретары Доспанова жолдасқа сөз берілді.

Қазақстан Лениндік Коммунистік Жас-тар Одағының V съезінен бері екі жыл-дай уақыт өтті. Бұл уақыттың ішінде Совет Одағы халықтарының өмірінде зор саяси маңызы бар оқиғалар болды. 1952 жылғы октябрьде партияның XIX съезі болып өтті, съезд совет халқының даңқ-ты жеңістерінің қорытындысын шыға-рып, партия мен халық бірлігінің қуат-ты демонстрациясы болды.

Сталин жолдасын «ССРО-да социализм-нің экономикалық проблемалары» деген дәншіпандық еңбегі, съездің қорытынды мәжілісінде сөйлеген тарихи сөзі, XIX съездің қарарлары коммунизм салтанаты үшін күрестің ұлы программасы болып табылады.

Өткен екі жылда республикамыздың

шаруашылық және мәдени құрылысының барлық салаларында жаңа табыстарға қол жетті.

Доспанова жолдас комсомол ұйымдары-ның республика халық шаруашылығының маңызды салаларының жұмысына қаты-насуы жөнінде айтты.

Доспанова жолдас Қазақстанның көмір, түсті металл, мұнай, химия және машина құрылысы өнеркәсібін, энергетикалық ба-заларын бұдан әрі өркендету жөніндегі комсомол ұйымдарының міндеттерін айта келе, транспорт пен байланыс орындары комсомол ұйымдарының жұмысындағы елеулі кемшіліктерді атап көрсетті.

—200 мыңнан аса жас колхозшылар, механизаторлар мен мамандар, —деді баяндамашы, —Қазақстанның ауыл шаруашылығында еңбек істейді. Алайда, көп-теген селолық комсомол ұйымдары ауыл-шаруашылық дақылдарының өнімділігін, ауыл шаруашылығының товарлығын арттыру жолындағы күресте партия және шаруашылық органдарға әлі де нашар көмектеседі.

Баяндамашы мектеп комсомол ұйымы-ның жұмысына қорытынды жасап, көпте-ген облыстық және аудандық комсомол комитеттерінің мектеп комсомол, пионер ұйымдарының жұмысы оқу жұмысымен байланыстырылмайтындығы сыяқты фак-тілерді елеулілігін айтты.

Баяндамашы жоғарғы дәрежелі оқу орындары мен техникумдардың комсомол ұйымдарының жұмысын сыпаттай келіп, Алматының заң институтының, Қызыл-орданың педагогикалық институтының және басқа институттардың комсомол ко-митеттері сыяқты кейбір комсомол коми-теттерінің студенттерінің маркстік-ленин-дік теорияны үйренуіне жете назар ау-дзрмай отырғандығын көрсетті.

БЛКЖО Орталық Комитеті, облыстық,

қалалық, аудандық комсомол комитеттері мен бастауыш комсомол ұйымдары жас-тар арасындағы мәдени-бұқаралық жұ-мыспен, көркемөнер дарындыларының жұ-мысын жақсарту ісімен нашар шұғылда-нады, мәдени-ағарту мекемелерінің жұ-мысты қанағаттанғысыз істеуі сыяқты фактілерге төзімділік жасайды.

Баяндамашы республикалық жастар және пионер баспасөзінің есеп беріп отырған мерзім ішіндегі жұмысына қоры-тынды жасап, «Ленинская смена», «Лениншіл жас», «Қазақстан пионері» және «Комсомолец қарағанды» газеттері-нің жұмысындағы кемшіліктерді көрсетті.

Баяндамашы республика комсомолце-терінің физкультура-спорт жұмысын да-мыту жөніндегі міндеттеріне тоқталды.

Доспанова жолдасың баяндамасының соңғы бөлімі ұйымдастыру жұмыстарына арналды.

Доспанова жолдас баяндамасының со-ныңда былай деді:

—Қазақстан комсомолы өзінің VI съезіне ұйымдық жағынан нығайтып, идея жағынан шынығып, туысқан Коммунистік партияның, оның Орталық Комитеті мен Совет Үкметінің төңірегіне бұрынғыдан да тығыз топтасып келді, ол Ленин—Сталин партиясын қойған қандай міндетті болсын орындап шыға алады.

БЛКЖО-ның жауынгерлік отрядтары-ның бірі —Қазақстан комсомолы Совет Одағының Коммунистік партиясының Ор-талық Комитетін, Совет Үкметін жастар-дың барлық күшін коммунизм құрылысы-ның сталиндік ұлы программасын жүзеге асыру күресіне жұмылдырады деп сен-діреді.

Таңертеңгі мәжілісте съезд делегаттары тексеру комиссиясының есебін тыңдады. Бұдан кейін жарыссөз басталды.

Қоғамдық мал шаруашылығының тұрақты жемшөп базасы жасалсын

Коммунистік партияның XIX съезі бірінші бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларында мал шаруашылығын өркендету мәселелеріне көп көңіл бөлді. Сыбыр малының, қойдың, жылқының, шошқаның санын едәуір көбейту және малдың өнімділігін арттыру көзделді.

Барлық колхоздар мен совхоздарда тұрақты жемшөп базасын жасау мал шаруашылығын оған сайын өркендету жөнінде съезд аға қойған міндеттерді ойдағыдай орындаудың аса маңызды шарты болып табылады.

Қазақстанда жемшөп өндірудің негізгі қоры болып отырған ондаған миллион гектар шабындықтар мен жайылымдар бар. Табиғи шабындықтар мен жайылымдар шөбінің шығымдылығы еналыммен топырақтағы ылғалға байланысты. Шөптің шығымдылығының кем болуы—көбінесе ылғалдың жеткіліксіз болуының зардабы.

Бұған байланысты, табиғи шабындықтар мен жайылымдар шөбінің шығымдылығын арттыру үшін жерді көздеге суарудың ерекше зор маңызы бар. Мәселен Ақмола облысының Ақмола ауданындағы «Путь Сталина» колхозы өткен жылы көздеге суарылған шабындықтан гектарына 25—30 центнерден пішен алды, яғни бұрын көздеге суарылмаған кезде сол участкадан алынған пішен өнімінен 17—18 центнер көп. Семей облысының Көкпекті ауданының Ворошилов атындағы колхозында көздеге суарылған мың гектар орталық участканың әрбір гектарынан 42 центнерден пішен алынды. Сол облыстың Жарма ауданындағы «Рассвет» колхозында көздеге суарылған шабындықтың әрбір гектарынан 30 центнер пішен шабылды.

Алайда шабындықтарға су өздігінен барғанда, сол сыяқты оларды көздегі суарғанға топырақтың, әсіресе, сазды топырақтың тығыздалуы, жердің сортаң тартуы, жер астындағы судың деңгейі жоғары участкалардың батпақтануы мүмкін. Бұған алдын-ала жол бермеу үшін, көздегі суарылатын шабындықтарды жақсартудың арнаулы агротехникалық шараларын қолдану керек болады.

Бидайық, арпабас өсетін шабындықтар жер қыртысын соңылау жолымен жақсартылады. Бұл шара шымның қалыңдығына, топырақтың құрамына және оның тығыздығына қарай әртүрлі жолмен жүзеге асырылады. Сумен келген, жеңіл топырақты жерлер бір ізбен дискіленеді. Тұтасқан шымды және топырағының тығыздығы кемдеу орташа-сазды жерлерде екі-үш ізбен трактормен дискілеу, ал ауыр сазды

★
Н. БОЛОДОН,
Ауылшаруашылық ғылымының кандидаты
★

ды қолмен енгізгенде, дискілеу алдынан еңгізіледі. Шабындықтарға көң енгізуді фермаға жақын шабындықтарда мал тұратын уақытта мекендер және қотандар жасау жолымен тәртіптеуге болады.

Бидайығы құйылып шөбі сиреген участкаларда жатқан бидайық тұқымын үстел себуі жақсы нәтиже береді. Мұндай тұқым күздікүні екі-төрт ізбен үстел себіледі. Әрбір гектарға 25—30 килограмм тұқым себіледі. Мұндай шабындықтарда үстел тұқым сеікөннен кейін екі жыл бойына мал жаюға болмайды, өйткені үстел себілген шөптер бұл мерзімде тез жойылып келеді.

Бидайық-арпабас және бидайық-әртүрлі шөптер өсетін шабындықтарды жақсарту үшін де осы айтылған агротехникалық шаралардың бәрін қолдануға болады. Бидайық-мыя және айрауық өсетін шабындықтар көбінесе терең жыртып шалғындандыру жолымен негізінен жақсартуды керек етеді.

Шабындықтарды су қайтқаннан кейін шөп-шардан және сумен келген қоқыстардан тазарту, жердің бетін тегістеу, бұталарды қазып алып тастау және шабындықта болатын арам шөптерді жою шабындықтарды жақсартудың сондай маңызды шаралары болып табылады.

Қазақстанда су жайылатын шабындықтар мен жайылымдар да кездеседі. Олар өзендердің алқаптарында, сол сыяқты жыл сайын су басатын жерлердің және көл маңындағы ойпаттардың көлтабандарында болады. Олардың жалпы шабындықтар ішінде алатын орны шағын. Алайда судың мол болу және жердің құнарлылығы себепті су келетін шабындықтар мал шаруашылығының жемшөп базасын кедейтудің маңызды қоры болып табылады.

Қазақстанның далалық шөлейт және шөл аудандарындағы өзендердің су режимі өте құбылмалы келеді. Көктемде қар суы еріген кезде басталып майдың орта шенінде аяқталатын алғашқы су тасқынынан кейін жер астындағы сулардың деңгейі біраз төмендейді. Мұнан кейін июньде таудағы қар мен мұз ерігенде екінші су тасқыны басталады. Мұның бәрі топырақтың ылғалдануының ерекше режимін туғызады.

Су жайылатын шабындықтарды жақсарту олардың шөбінің шығымдылығын орта есеппен үш-төрт есе арттыратынын

га органикалық және минералды тыңайтқыштар енгізу пішенин өнімін екі-үш есе—гектарына 40—60 центнерге дейін арттырады. Көк бедені үстел егін, су жайылатын шабындықтың шымын соңылау нәтижесінде шөптің өнімін 2—2,5 есе арттырды.

Шөбі аз таулық шабындықтарды, көпжылдық шөптерді үстел егін шалғындандыру және тыңайту жақсы нәтиже береді. Мәселен Алматы облысының таулық шабындықтарын жақсарту тәжірибесі бұл шабындықтарда өңне шөптердің шығымдылығы гектарына 25 центнерден 78 центнерге жететінін көрсетті. Табиғи таулық шабындықтарға тыңайтқыштар енгізу жолымен олардың шөбінің шығымдылығы шамамен айтқанда төрт есе арттырылды.

Тұрақты жемшөп базасын жасау үшін шөптаниты жемшөптік ауыспалы егістерді: күнарлы жемшөп және ішінара көкшөп өндіру үшін ферма жапындағы ауыспалы егістерді, пішен дайындау және жайылымдық көк шөп өндіру үшін шабындық және жайылымдық ауыспалы егістерді мейгерудің орасан зор маңызы бар.

Біржылдық жемшөптік дақылдар—суданқа, чумиза, моғар, күнбағыс, жүгері, тамыр жемісті және бақша дақылдарын егу—көк және күнарлы жемшөп өндірісін ұлғайтудың сондай маңызды қоры. Ғылыми мекемелер мен практиктер өздерінің тәжірибесінде Қазақстанның негізгі жер-ауа райы аймақтарында өсіруге қолайлы біржылдық жемшөптік шөптерді іріктеп белгіледі. Қуаң далалық аймақта суданқа, моғар, чумиза шөптерін егу ұсынылады. Олар бұл аймақта гектарына 10 центнерден 50 центнерге дейін пішен береді. Бұл аймақтың оңтүстік облыстарында тәлімі жерге өккен сөрго-суданқа буданы, әсіресе суданқа неғұрлым шығымды болады. Суданқа суармалы жерге және ылғалмен қамтамасыз етілген тәлімі жерге өккенде де мол өнім береді.

Суармалы егіншілік аудандарында, сол сыяқты ылғалмен қамтамасыз етілген тәлімі жерде біржылдық аралас шөп қатарында сыбыр жөншықа-суданқа аралас шөптерін егу ұсынылады.

Органикалық тыңайтқыштар енгізу суармалы жерде шөптің шығымдылығын едәуір арттырады. Мәселен көктемде жерді жыртып алдынан гектарына 10—15 тонна көң, тұқым себер алдынан екі центнер органикалық-минералды түйіршіктелген тыңайтқыштар енгізу біржылдық шөптердің өнімін 13 және 15 центнер арттырады.

Суармалы егіншілік аудандарында аныздық егіс егу аса құнарлы жемшөп өндірісін ұлғайтудың және суармалы жерде



Бірінші май мерекесі қарсаңындағы социалистік жарыста Петропавл станциясының стрелочнищасы П. Фролова жолдас алда келеді. Ол өз жұмысында ешбір ақау жіберместен, тапсырылған жолдың бойын өте жақсы ұстауда.

СУРЕТТЕ: стрелочница П. Фролова жолдастың поезды қарсы алып тұрған кезі.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Пионерлер үйінде

Оқушылардың көктемгі демалыс күндерінде пионерлер үйінде көркемөнершілердің дарындылығын байқау болды. Оған қала мекентерінің көптеген оқушылары қатысып, өздерінің көркемөнер шеберліктерін көрсетті.

«Балалар кітаптарының аптасы» өте қызықты болып өтті. Мұның негізгі мақсаты оқушыларды кластан тыс өздігінен кітап оқуға дағдыландыруға, кітапты пайдалануға үйрету. «Балалар кітаптарының аптасын» өткізуге қаланың комсомол ұйымдары мен мектеп коллективтері көп көмек көрсетті.

X класс оқушыларының «Кім болу керек» деген тақырыпта қаланың таңдаулы адамдарымен кездесу кеші өткізілді. Мұнда оқушылар әр мамандықтың алдыңғы қатарлы өкілдерімен кездесті. Дәрігер Г. Надеждина, Қазақ ССР-ның еңбек сіңірген мұғалімі Б. Курбаковская, мұғалімдер институтының мұғалімі Е. Москвина және С. М. Киров атындағы заводтың инженері Сталиндік сыйлықтың лауреаты С. Марон жолдастар оқушыларға өздерінің орта және жоғары дәрежелі әртүрлі оқу орындарын бітіріп, белгілі мамандық алғанын, оны практикада қалай пайдаланып жүргендерін айтты.

III-IV класс оқушылары үшін «Кітап—адамның досы» деген тақырыпта оқушылардың таңертеңгілігі өткізілді. № 4 орта мектептің аға пионер вожаты Мусина

Генерал Кларктің Ким Ир Сен мен Пын Дэ-хуэйге хаты

ЛОНДОН, 31 март. (СОТА). Рейтер агенттігінің тілшісі Токиодан генерал Марк Кларктің Корей Халық армиясының командашысы маршал Ким Ир Сен мен Кореядағы қытай халық еріктілерінің командашысы генерал Пын Дэ-хуэйге жолдаған хатының тектін берді.

«Менің 1953 жылғы 22 февральдағы хатыма жауап ретінде Сіздің 1953 жылғы 28 мартта жолдаған хатыңызды алғанымды осы хатта қанағаттанғандықпен ыспатаймын және біздің ұсынысымызға сәйкес барлық ауыр науқасты және жаралы соғыс тұтқындарын соғыс қыймылдары кезінде еліне қайтаруға тезінен кірісуге Сіз толық әзір боларсыз деп ойлаймын.

Сондықтан мен, бұл соғыс тұтқындарын ауыстыру жөніндегі қажетті шараларды толық белгілеу үшін, Сізге қолайлы уақыт туысымен Паньмыньжонде әрбір жақтан генерал немесе адмирал бастаған байланыс топтарының кеңесін шақыруды ұсынамын.

Мен Сіздің соғыс қыймылдары кезінде ауру және жаралы соғыс тұтқындарын ауыстыруды аяқтау соғыс тұтқындары туралы барлық мәселені кедергісіз шешу

мүмкіншілігін арттырады деген сеніміңізді қостаймын.

Сондықтан мен өзімің байланыс тобыма екінші кезектегі міндет ретінде, біздің тиісті делегацияларымыздың уақытша бітім туралы келіссөздерді қайтадан бастауы туралы келісу үшін, Сіздің байланыс тобыңызбен кездесуге нұсқау беруге әзірмін.

Сіздің бұл мәселе жөніндегі ұсынысыңыздың мазмұнын негізге алып, біз: Сіз Біріккен Ұлттар командованиесінің ұсыныстарын қабылдауға әзір боларсыз немесе өз тарапыңыздан, делегациялардың кеңесін қайта бастауға шын мәнісінде негіз болатын сондай бағалы ұсыныс енгізерсіз деп сенемін.

Мен, барлық ауыр науқасты және жаралы соғыс тұтқындарын еліне қайтару шараларын белгілеу үшін екі жақтың байланыс топтарының кездесу уақыты жөнінде менің ұсынысым жайында өзіңіздің қарарыңызды маған неғұрлым тез хабарлауыңызды өтінемін».

Қол қойған Марк Кларк, американ армиясының генералы, Біріккен Ұлттар Ұйымы қарулы күштерінің бас командашысы.

Ким Ир Сен мен Пын Дэ-хуэйдің Кларкке жауабы

ПЕКИН, 2 апрель. (СОТА). Синьхуа агенттігінің тілшісі Пхеньяннан мынадай хабар берді:

1 апрельде Корей Халық армиясының Жоғарғы командашысы маршал Ким Ир Сен мен қытай халық еріктілерінің командашысы генерал Пын Дэ-хуэйдің Кореядағы БҰҰ қарулы күштерінің командашысы генерал Кларкке мынадай мазмұнды хат жолдады:

«Біз Сіздің 1953 жылғы 31 марттағы хатыңызды алдық.

Біз Сіздің хатыңызда жасалған ұсынысқа ризалық білдіреміз және осы хатпен Сізге біздің жағымыздың байланыс тобы, екі жақтың жаралы және ауру соғыс тұтқындарын ауыстыру туралы мәселені алдын-ала талқылау үшін, сол сыяқты,

уақытша бітім туралы келіссөздерді қайта бастау күні туралы мәселені талқылап, шешу үшін, 1953 жылғы 6 апрельде Паньмыньжонде Сіздің жағымыздың байланыс тобыңызбен кездесуге әзір болатынын хабарлаймыз.

Осыған қоса, Қытай Халық Республикасының Үкметі мен Корей Халық-Демократиялық Республикасы Үкметінің соғыс тұтқындарын еліне қайтару туралы мәселе бойынша ұсыныс жөніндегі мәлімдемелерінің бір-бір дана көшірмелерін жібереміз.

Корей Халық армиясының жоғарғы командашысы маршал Ким Ир Сен, Қытай халық еріктілерінің командашысы генерал Пын Дэ-хуэй, 1 апрель, 1953 жыл.

Кореядағы оқығалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 2 апрель. (СОТА). Корей Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі бүгін Халық армиясының құрамалары және қытай халық еріктілерінің бөлімдері барлық майдандарда американ-ағылшын ин-

тервенттеріне және лисынманшыл әскерлерге қарсы өткен күні қорғаныс ұрыстарын жүргізуде болды деп хабарлады.

Бүгін Халық армиясының зенит бөлімдері және жау самолеттерін атқыштар дүшпанның 3 самолетін атып түсірді.

Латин Америкасы елдерінде бағаның көтерілуі

трактор күшімен қайта жырту, онан кейін бір-екі ізбен дискілеу ұсынылады. Бұл агрономиялық шараларды шабындықтың шөбін шыуы алғаннан кейін дереу, ең болмағанда, ерте күзде жүргізу керек.

Шабындықтар шөбінің шығымдылығын арттыру үшін минералды тыңайтқыштармен және көкпен үстеп қоректендіру тиімді. Шөбі бір мезгіл шабылатын шабындықтарды су қайтқаннан кейін, шөбі екі мезгіл шабылатын шабындықтарды шөбін алған рет шыққаннан кейін үстеп қоректендіру қажет. Үстеп қоректендіргенде тыңайтқыштар енгізуінің мынадай нормалары ұсынылады: гектарына 1,5—2 центнер селитра, 2 центнер суперфосфат, 0,5—1 центнер калий тұзы немесе гектарына 10—15 тонна күл. Тыңайтқыштарды тұқ сөялқаларымен енгізгенде, алдын-ала дискіленген жерге енгізіледі. Тыңайтқыштар-

Мәселен өзен алқаптарының сортаң топырақты жерлерінде аударылған топыраққа біржылдық жемшөнтік дақылдар егу жақсы нәтиже беретін агрономиялық әдіс болып табылады. Мұндай егістің әрбір гектары 940 центнер сүрленген азық әзірлеуге жететін күнбағыс береді. Чина және арпа егілген учаскелердің әрбір гектарынан 38 центнерге дейін пішен алынады.

Өнімі аз су жайылатын шабындықтарды тездетіп шарғындағанда, бес ізбен дискіленген шабындықтың гектарынан 38—42 центнер пішен алынды. Трактормен терең дискілеу пішеннің өнімін гектарына 43—46 центнерге дейін арттырды, яғни табиғи шабындықтардан 23—26 центнер көп.

Жақсартыла бастағанына бір және екі жыл болған су жайылатын шабындықтар-

шөбінің шығымдылығын арттырудың тығыздықты құрала болып табылады. Аңызға өскенде сүрленетін дақылдардың және біржылдық шөптердің өнімі көктемдегі өскендегінен едәуір арттырады. Әресе көкшөп көнвейерін ұйымдастыруға байланысты аңыздық егістің маңызы ерекше күшейе түседі.

Жергілікті суларды дұрыс пайдалану есебінен көлдетіп суарылатын шабындықтарының көлемін арттыру, шабындықтармен жайылымдарды ішінара негізінен жақсарту жемшөп базасын нығайтудың сарқылмас қоры болып табылады. Советтік агробиология ғылымының табыстарын және жемшөп өндірісі озаттарының тәжірибесін өндіріске енгізе отырып, республиканың ауыл шаруашылығының еңбекшілері Қазақстанның өскелең мал шаруашылығын тұрақты және берік жемшөп базасымен қамтамасыз етеді.

жолдас «Кітап— адамның досы» деген тақырыпта әңгіме әзірледі.

В. Кетлинскаяның «Біздің өмірдің күндері» деген кітабы бойынша кітап оқушылар конференциясы өткізілді. Жоғарғы кластың оқушылары шығып сөйлеп, кітап туралы өздерінің пікірлерін айтты. Оқушылар көктемгі демалыста мәдениетті түрде дем алып, жана күш, жана жігермен оқу жылының IV тоқсанына кірісті.

Р. КАЛИБЕРДА,
Пионерлер үйінің директоры.

Ғылыми конференция

Жақын арада Петропавлдың Ушинский атындағы мемлекеттік мұғалімдер институтында 1952 жылғы ғылыми-зерттеу жұмыстарының қорытындысына арналған мұғалімдер мен профессорлардың бірінші ғылыми конференциясы болып өтті. Конференцияда СОКП-ның XIX съезі мен И. В. Сталин жолдасын «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» атты данышпандық еңбегінің ғылыми-зерттеу жұмыстарын жақсартудағы маңызы туралы институт директоры П. Присич жолдас баяндама жасады.

«Солтүстік Қазақстан облысының партия ұйымы соғыстан кейінгі дәуірде колхоздарды ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайту жолындағы күресте» деген тақырыпта институттың аға оқытушысы Р. Акбердин жолдас баяндама жасады. Тағы басқа да әртүрлі ғылыми тақырыптарға ғылым кандидаттары мен аға мұғалімдер баяндама жасады. Конференцияға студенттер мен қала интеллигенттері қатысты. Бұдан былайғы жерде мұндай конференциялар жыл сайын өткізіліп тұрмақ.

Қаланы көгалдандыру

Көгалдандыру тресі үстіміздегі жылы қаланы көгалдандыруға үлкен дайындық жүргізіп жатыр. Көктемде қаланы көгалдандыру жөнінде бірқатар жұмыстар істелмек.

Октябрь алаңында ұзындығы он метр жерге түрлі гүлдер егіледі. Ал, Пушкин бульварына көркейткіш ағаштар отырғызылады және фонтан орнатылады. Бұл егілген гүлдер мен отырғызылған ағаштар жазғы күндері Октябрь алаңы мен Пушкин бульварын гүлдендіріп тұратын болады.

Ленин көшесі мен Петренев көшесінің бұрышындағы скверге гүлдер егіліп, ағаштар отырғызылады, фонтан орнатылады. Ленин көшесіне көптеген гүлдер мен газон егіліп, ағаштар отырғызылады.

Көзір көгалдандыру тресі көктемде егу үшін әртүрлі гүлдердің рассадаларын, 2,5 мыңнан артық комнатада өсірілетін гүлдер өсіруде.

М. ӘЛЖАНОВ,

Чистов совхозының директоры.

МОНТЕВИДЕО, 2 апрель. (СОТА). Азық-түлік пен көпшілік тұтынатын товарлар бағасының көтерілуі, нақтылы жаалақының қысқартылуы және адамдардың сатып алу мүмкіншіліктерінің құлдырауы Латин Америкасы елдерінің миллиондаған еңбекшілерін аштық пен қайыршылыққа барған сайын душар етуде.

Бразилияда, Сан-Пауло қаласының профектурасының санақ бөлімінің мәліметтеріне қарағанда, 1939 жылдың мөлшерін 100 процент деп алғанда, 1952 жылы 1939 жылмен салыстырғанда азық-түлік бағасының көрсеткіші 586,8 процентке жеткен. 1952 жылы тұрмыс қымбатшылығы Рио-де-Жанейрода 13,7 процент, Сан-Паулода 17 процент көтерілді деп, әдейі қысқартылған ресми мәліметтерді жариялай келе, «О обсервадор экономика э финансейро» журналы шындығында тұрмыс қымбатшылығының бұдан көп мөлшерде көтеріліп кеткендігін атап көрсетеді. Федералдық округте азық-түліктің бағасы 30 процент, Сан-Паулода 27 процент көтерілген. Көзіргі уақытта азық-түліктің бағасы, 1946 жылмен салыстырғанда 2,5 есе өскен.

10 мартта, Сан-Паулода шығатын «Диарио де Сан-Пауло» газеті 1952 жылы февральда бір қап күріш 181 крузейро болатын болса, 1953 жылы январьда 296 ал февральда 336 крузейро; бір қап бұршақ 1952 жылы февральда 202 крузейро болатын болса, 1953 жылы январьда 380, ал февральда 480 крузейро болды деп хабарлады. 1952 жылдың февралінен 1953 жылдың февраліне дейінгі мерзімнің

БАТЫС ГЕРМАНИЯДА БАҒАНЫҢ КӨТЕРІЛУІ

БЕРЛИН, 2 апрель. (СОТА). Бүгін Берлиннің демократияшыл баспасөзі бүкіл Батыс Германия жеріндегі негізгі азық-түлік бағаларының көтерілгендігін бейнелейтін мәліметтер жариялады. 1950 жылдан бастап 1952 жылға дейін Батыс

шінде картоптың бағасы 2 есе қымбаттаған. Бірінші қажетті азық-түлік бағасының көтерілуін атап көрсете келіп, «Коррейо да манья» газеті жуырда аштық деген нәрсе елдің солтүстік-шығыс аудандарында ғана жиі кездесіп қоймай, Рио-де-Жанейронның өзіне де келіп қалғандығын жазады.

Жуырда «Нотисиас де Оже» газеті көзіргі уақытта алатын жалақымен тұрмыстың қымбаттап кеткендігінен өмір сүруге мүмкіншілік болмай бара жатқандықтан «жұмысшының күніне бір мезгілден артық тамақтануға мүмкіншілігі жоқ» деп жазады.

Уақыт озған сайын Бразилиядағы халық бұқарасының тұрмыс халінің нашарлап бара жатқандығын көрсете келіп, «Импrensa популяр» газеті астана еңбекшілерінің арасындағы көзіргі уақытта көз көріп отырған қайыршылықтың қорқынышты көріністерін суреттейді.

1 апрельде, «Диа» газетінде жарияланған ресми санақ мәліметтеріне қарағанда, Буэнос-Айресте тұрмыс дәрежесінің көрсеткіші 1948 жылы 180,4 процент болса, 1952 жылы 562,9 процент, 1953 жылы январьда 581,1 процент болып өскен.

Баға Уругвайда да көтерілуде. Өнеркәсіп және еңбек министрлігінің әдейі қысқартқан санақ мәліметтеріне қарағанда, 1937 жылдан 1952 жылға дейін нанның бағасы 2,5 есе, ет—3,5 есе, шошқаның еті—5 есеге жуық, картофелдің бағасы 3 еседен артық, жұмыртқа 4,5 есе көтерілген.

Редактор **Г. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

КИНОЛАРДА

«УДАРНИК» кинотеатрында

Бүгін және күн сайын
«АННА КАРЕНИНА»

Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.
Касса сағат 3-тен бастап ашық.

«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында

Бүгін және күн сайын
«БІРІНШІ БАЛ»

Сеанстар сағат 8-10-да басталады.
Касса сағат 3-тен бастап ашық.

Шағын двигательдер зауытына түпкілікті жұмысқа ағаш және металл жөніндегі модельщиктер, конструкторлар КЕРЕК.

Жұмысқа қабылдау тәртібі туралы Петропавл қаласы, Октябрь көшесі, 76-үйге келіп, заводтың кадр бөлімінен түсінік алуға болады.

Солтүстік Қазақстан облыстық «Главкинопрокат» бөлімшесі облыс экрандарында жана көркем суретті «АРМАН ОРЫНДАЛДЫ» деген румын фильмін көрсете бастайды. Фильмнің сөзі орыс тіліне аударылған.

Мал азығының тұрақты қорын жасаймыз

Партияның XIX съезінің ССРО-ны өркендетудің бесінші бесжылдық жоспары жөніндегі директиваларына байланысты Чистов совхозының коллективі қоғамдық мал басын өсіріп, оның өнімділігін арттыруда жаңа зор табыстарға жетуге міндеттемелер алды. Үстіміздегі жылы әресе, мал шаруашылығынан өнім өткен жылдардағыдан әлде қайта мол алынғалы отыр. Мәселен, быйыл совхоза әрбір сауын сыпырдан орта есеппен 2300—3000 литрден сүт алынады. Әрбір қойдан 3,7 килограмнан жүн қырқылады. Сол сияқты, басқа да мал шаруашылығы өнімдерін дайындау ісі едәуір жақсартылады.

Қоғамдық мал шаруашылығын өркендетудегі мұндай күрделі міндеттерді ойдағыдай орындау үшін үстіміздегі жылы мал азығының берік қорын жасаймыз. Быйыл совхозда малазығындық шөп егетін жердің көлемі едәуір ұлғайтылады. Адағы көктемде 7 мың 50 гектар жерге көпжылдық шөп егіледі. Быйылғы жылы біржылдық шөп егісі екі есе ұлғайтылады. Оның көлемі 500 гектарға жетеді. 130 гектар жерге жемістамырлы малазығындық егістер егіледі.

Малды күйі өсіруде және оның өнімділігін арттыруда сүрленген шөпті мол дайындаудың маңызы ерекше зор. Сондықтан совхозда шөп сүрлеу жұмыстары быйыл кең көлемде жүргізіледі. Мысалы, совхоз бөлімшелерінде 700 гектар жерге сүрленетін шөп себіледі.

Малды жайын бағу кезінде тойына оттауы үшін көкшөп көнвейерін кеңінен

қолданамыз. Көкшөп көнвейеріне 700 гектар жер бөлеміз. Бұл әресе, сауын сыпырларды дұрыс жайып бағып, олардан сүтті мол алуға ерекше жағдай жасайды. Үстіміздегі жылы ферма жанындағы ауыспалы егіс жүйесі кеңінен меңгеріледі. Мұның көлемі 2 мың 75 гектар. Міне, бұл жерді пайдалану қоғамдық малды күнделі азықпен қамтамасыз ету ісін жақсарту түспек.

Біржылдық, көпжылдық шөп және жемістамырлы егістер егу көлемін ұлғайтумен мал азығының тұрақты қоры жасалмақды. Олай болса, мал азығының мол және тұрақты қорын жасаудың кілті—шөп шығымдылығын арттыруда. Біз үстіміздегі жылы көпжылдық шөптің әрбір гектарынан 20—22 центнерден, біржылдық шөптің 35 центнерге дейін, сүрленетін шөптің әр гектарынан 100, жемістамырлы егістердің әр гектарынан 150 центнерден өнім алуға ұйғарып отырмыз.

Шөп шығымдылығын арттыру үшін көп жылдық шөптерді ерте жыртылған парға егеміз. Осы сияқты, біржылдық шөп, жемістамырлы егістер отырғызуға да жақсы жұмысталған жерлер іріктеліп алынды. Малазығындық шөп егілетін учаскелердің барлығына қар тоқтатылды. Олардың бетіндегі қардың қалыңдығы 80—100 сантиметрге жетеді. Бұл жерлерге көктемде қар суын мол бөгеміз. Табиғи шабындықтар да тиімді пайдаланылады. Олардың шөп шығымдылығын арттыру үшін көктемде қар суын бөген, ылғалмен қамтамасыз етеміз.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй, ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары—1-59, секретариат—1-33, партия және ауылшаруашылық бөлімдері—2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері—3-39, корректорлар бюросы—4-39, Газет баспасы—5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.